

Шымкент қаласы  
№53 «Ер - Асыл» бөбекжай- бақшасы  
Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

Тақырыбы:

# Табиғатпен сырласу

Тәрбиеші: Зиябекова Д

2021-2022 жыл



Күніміз жарқын болсын  
Еліміз тыныш болсын.  
Денсаулық болсын  
Нанымыз көп болсын  
Ата-анамыз аман болсын  
Бақшамыз гүлдей берсін.  
-Балалар сендер бір-біріңнің қолдарыңнан  
ұстап тұрғанда нені сезесіңдер?  
-Жақсы балалар олай болса бүгінгі күнімізді  
миіріммен қуанышпен бастайық.  
-Қазір жылдың қай мезгілі?  
-Күздің қандай айы?  
-Ал қараша айын неге қоңыр күз дейміз?  
Ал олай болса күз туралы кімнің тақпағы  
бар?  
Дария  
Аспанды сұрғылт бұлт  
Жан-жақты жабады.  
Күн бірте суытып  
Жауын көп жауады

Нұрсұлтан  
Айнала сары ала  
Сабағынан үзілді  
Жемістер пісіпті  
Қоймаға түсіпті.

Айбике  
Сау сау етіп жапырақ.  
Сабағынан үзілді  
Қоңыр тартып атырап  
Көкте құстар тізілді



Ералхан  
Жапырақтар жамырап  
Сайға барып бекінді  
Мамасынан айырылап

Жылулықты  
мейірімділікті  
достықты

Қараша  
Жаңбыр күн  
бұлтты  
болады.

Қалған бала секілді  
Жарайсындар балалар.

Бүгінгі жаратылыстану іс қызметімізде  
жаңа тақырыппен танысатын боламыз.  
«Табиғатпен сырласу» деп аталады.  
Мен сендерге өлең оқып берейін.

Өлең не туралы?

Табиғат дегеніміз бұл бізді қоршаған  
орта. Табиғат екіге бөлінеді. Ия қане есімізге  
түсірейікші.

Олай болса қане мына суреттерге қарап  
айтындаршы. Қайсысы жанды қайсысы  
жансыз.

Жанды деп не үшін атаймыз?

Жансыз деп не үшін атаймыз?

Тірі табиғат өзі екіге бөлінеді екен балалар  
дегенде есікті ұрып екі бала келеді.

Сәлеметсіңдер ме Балалар!



Мен флора өсімдіктер әлемінен келдім.  
Маған ағаштар, өсімдіктер гүлдер  
жатады. Өсімдіктер өмірінде , арнайы тәртіп  
сақталады екен. Дәні жерге түскеннен кейін  
, тамыр жайып өседі. Оны жаңбыр  
суарып, күн шуағы өсіреді.

Табиғат  
туралы  
Жанды және  
жансыз

Туран

Ал ол өсіп үлкейгенде адамды табиғаттын түрлі құбылыстарынан жауыннан желден ,қорғап жемісін береді.Ыстық күнде көлеңкесінде демаламыз.Егер оған күн сәулесі жеткіліксіз болса ол солсыпөспей қалады.

Ал мен фауна-жануарлар әлемінен келдім. Үй жануарларына иесі жемін суын беріп уақытымен қарайды,Олар ауырып қалса емдейтін мал дәрігері бар.Олардың адамдарға тигізетін пайдасы мол.Ал жабайы жануарлар орманда тіршілік етеді.Олар емдік шөптермен қоректенеді,азықтарын өздері тауып жейді.

Оларды қорғап қамқорлықпен қарау керек.  
-Балалар бізге ойын тапсырмаларын ала келіпті.

Ал балалар бізбен ойын ойнағыларың келе ме?

Шарты .Мына үстел үстінде өсімдіктер мен жануарлардың суреттері бар.

Мен флора өсімді жасыл дөңгелекпен белгілеймін.

Ал мені фауна қызыл дөңгелек қоямын.  
Ал сендер мына суреттерді ажыратып жасылға өсімдіктер,қызылға жануарлар суретін қоюларың керек.



-Ойын сендерге ұнады ма,

Ал енді тағы да сендерге әкелген жаңалықтарын көгілдір экран арқылы көргілерің келе ме?

Ой өсімдік әлеміне сергіту сәт.

Жануарлар әлемі неге мұңайып отырсындар қане қуанады ма айтындаршы .Балалардың флора мен фауна кәрзеңкелерінде

Ернар

Дөңгелек  
айналасына  
қойды.

Орысша  
қазақшасын  
айтты.

жануарлар мен өсімдіктерді араластырып алыпты оларды ажыратуға көмектесемізбе? Олай болса екі қатарға:

1. қатар Флора
2. қатар Фауна

Қиылған суреттерді жапсыру

Сендерге жұмыс ұнады ма балалар?

Дұрыс бөліп бердім.

Ал енді балалар мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр

«Жақсы жаман» ойыны

Шарты. Суретке қарап жақсы жаман қасиеттерін анықтау.

Жақсы қасиетке қол шапалақтау

Жаман қасиетке тыныш тұру.

Табиғат жайлы тақтақтарың бар ма?



Мақал-мәтел.

Мінекей балалар осының бәрі біздің табиғатымыздың сырлары. Табиғат өсімдік болмаса ағаш болмаса, мал жануарлар болмаса көрікті боларма еді.

Ол үшін біз табиғатты қоғауымыз керек.

Табиғат нешеге бөлінеді екен?

Тірі табиғат нешеге бөлінеді?

Аттары қандай екен?

Флораға нелер жатады екен?

Фаунаға не жатады екен?

-Ал флора өсімдіктер әлемі, фауна жануарлар әлемі сендерге көп рахмет бүгін біздің балалар табиғаттың жаңа түрлерімен танысты.

Тақпақ

Ағаш жерімен  
көрікті  
Мал елмен  
көрікті.  
Маржан.

Сұрақтарға  
жауап берді

Рефлексивтік  
түзетушілік

**Балалар қоштасамыз апайлармен де  
қоштасамыз.**



**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** табиғат жайлы.

**Игереді:** Ойын арқылы ойнауды

**Меңгереді:** Флора мен фауна жайлы түсінікті

Шымкент қаласы  
№53 «Ер - Асыл» бөбекжай- бақшасы  
Мектепалды даярлық «Жауказын» тобы

Тақырыбы:

# «Ұр тоқпақ» қазақ халық ертегісі

Тәрбиеші: Зиябекова Д

2021-2022 жыл





Білім беру саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Ұр тоқпақ» қазақ халық ертегісі.

Мақсаты: Балаларды тыңдай білу, әңгімелей білу іскерліктері мен дағдыларын дамыту. Үлкендерді тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу. Халық ертегілеріне деген қызығушылықтарын арттыру, түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап. Көрнекіліктері: Ертегі кітапша, суреттер.

Шеңбер құру.



-Балалар, біз дөңгелене тұрып, бір-біріміздің жүзімізді көреміз, бір-бірімізге жымиямыз, жылы лебіздер айтамыз, осылайша қуанышқа бөленеміз.

-Армысың асыл күн,

-Армысың жан досым.

### Ұр, тоқпақ! (ертегі)

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір кедей болып, тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал тұзағын келіп қараса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға айтыпты:

– Сен мені босат! Менен не сұрасаң, соны бір жылдан кейін ал, – дейді. Шал мақұл көріп, қазды босатып қоя береді.

Үйіне келіп, жаңағыны айтса, кемпірі шалға ұрсады. Шал: – Қой, сен түк білмейсің!– деп, сөзін тыңдамай, жүре береді. Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре, бір жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Келіп, түйешіден:



– Бұл кімнің түйесі?–десе:

– Бұл Қазбайдың түйесі,– дейді. «Бұл Қазбай – баяғы қаз екен»,– деп шал ойланып тұрып, жүріп кетеді. Бір жерге келіп:

– Бұл кімнің қойы? – деп, қойшыдан сұрайды.

Қойшы:

– Бұл Қазбайдың қойы,– дейді. Шал жаңағы қойшы баладан:

– Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар?– дейді. Бала шалға:

– Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар. Біреуі: «Піс, қазаным, піс!»–десе, әр түрлі тамақ пісіп шығады, енді біреуі: «Құс, есегім, құс!»–десе, есегі алтын құсады, тағы біреуі: «Ұр тоқпағым, ұр!»–десе, адамдарды ұра береді,– дейді.

– Мақұл,– деп шал жүріп кетеді. Шал Қазбайдың аулына келеді. Қазбай шалды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс қазанын» сұрайды. Қазбай сұрағанын береді. Шал алып үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға:

– Ата, асқа түс!– дейді. Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға: – Шырақтарым! «Піс, қазаным, піс!» демендер,– дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң, балалар тындасын ба: «Піс, қазаным, піс!»– деп, шулап қоя береді. Сүйдегенде, әртүрлі тамақ пісіп, даяр болады. Балалар қазанды айырбастап, алып қалады. Шал қазанды үйіне алып барып: «Піс, қазаным,

піс!»— десе, еш нәрсе піспейді. Шал қазанды алып, Қазбайдың үйіне қайта келеді.

Қазбайға: – Бұдан еш нәрсе шықпады,— дейді. Қазбай қазанды алып: «Піс, қазаным, піс!»— десе, еш нәрсе шықпайды. Қазбай қазанның орнына шалға есекті беріп жібереді. Шал есекті алып үйіне қайтады.



Жолда келе жатса, балалар шалға:

– Ата, асқа түсіңіз!– дейді. Шал асты тастағысы келмей, есектен түседі. Үйге кіріп бара жатып, балаларға: – Шырақтарым! «Құс, есемім, құс!» демендер,— дейді.

Балалар:

– Мақұл!– дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң-ақ, балалар: «Құс, есемім, құс»— десе, есек алтын құсады. Балалар есекті айырбастап, орнына басқа есек қояды. Шал есекті алып үйіне кетеді. Кемпір:

– Қаздан барып алып келгенің осы ма?– дейді.

Шал есекке:

«Құс, есемім, құс!»— десе, есек еш нәрсе құспайды. Шал есекті алып, Қазбайға тағы қайта келеді.

– Есек еш нәрсе құспайды,– дейді. Қазбай есекті алып: «Құс, есегім, құс!» десе, еш нәрсе құспайды. Шалға Қазбай «Ұр тоқпағын» береді. Шал «Ұр тоқпақты» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен.

Балалар шалға:

– Ата, асқа түс!– дейді. Шал үйге кіріп бара жатып: – Шырақтарым! «Ұр, тоқпағым, ұр!» демендер,– дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң, дәндеген балалар: «Ұр, тоқпағым, ұр!»–дейді. Тоқпақ балалардың әрқайсысын ал кеп ұр! Ұрып жүр, ұрып жүр... Балалар тоқпаққа жалынады:



«Ойбай, «Піс қазаныңды», «Құс есегінді, берейік!»– дейді. Шал келе жатып, естіп қояды. Шал келіп:

– «Піс қазанды», «Құс есекті» бересіндер ме?– дейді. Балалар:

– Мақұл! Әкеліп береміз!–дейді. Шал «Ұр тоқпақты қойғызады. Балалар «Піс қазанды», «Құс есекті» әкеліп береді. Шал «Піс қазанды», «Құс есекті», «Ұр тоқпақты» алып, үйіне келеді. Сөйтіп, мұратына жетеді.

